

2024 жылға арналған мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 23 ақпандағы № 11/02 қаулысы.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2 тармағының 8-5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы "Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" № 532 бұйрығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2024 жылға арналған мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2024 жылғы "23" ақпандағы
№11/02 қаулысына қосымша

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 26.07.2024 № 46/03 қаулысымен ((оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Топтардың типологиясы	Балалар саны	Б і р балаға орташа құны (айына, цикл үшін)	Ескерту
	1-топ-сөйлеудің, қозғалыс саласының өрескел бұзылулары бар (өздігінен қозғалатын, ақыл-ойы сақталған) ; мінез-құлқының бұзылуы мен		59 040 теңге	Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-пед

1	қиындықтары, психикалық дамуытежелген, көру қабілетінашар, есту қабілетінашарбалалар. Көмеккөлемі-минималды: бір маманның көмегі (логопед немесе психолог немесе дефектолог); көмек ұзақтығы жыл ына 90 күннен басталады	103	(1 айға – 8 сабақ) 177 120тенге (цикл үшін -24 сабақ) 18 243 360 теңге (жалпы сомасы)	агогикалық қолдауға мемлекеттік тапсырыс стандартының есебі (сағатына 1 балаға дефектологтың қызметі) 7 380 теңге
2	2-топ-мүмкіндігі шектеулі, тірек-қимыл аппараты бұзылған (көмекші құралдардың көмегімен қозғалатын, сөйлеу қабілеті бұзылған, бірақ ақыл-ойы сақталған), есту және көру қабілеті терең бұзылған (көрмейтін, естімейтін), сөйлеудің ауыр бұзылулары, жеңіл және орташа дәрежелі интеллект бұзылыстары, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-қимыл бұзылыстары (аутизм); Көмеккөлемі-орташа: екі маманның көмегі (логопед және психолог немесе дефектолог және логопед немесе логопед және емдік денешынықтыру нұсқаушысы (бұдан әрі – ЕДШ)); көмек ұзақтығы жыл ына 180 күннен басталады	153	118 080тенге (1 айға – 16 сабақ) 708 480тенге (цикл үшін -96 сабақ) 108 397 440 теңге (жалпы сомасы)	Мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік тапсырыс стандартының есебі (сағатына 1 балаға дефектологтың қызметі) 7 380 теңге 2 маманның көмегі қажет

3	3-топ-мүмкіндігі шектеулі, күрделі (аралас) бұзылулары бар балалар, 2 немесе одан да көп бұзылулардың тіркесімі: көру және есту қабілетінің бұзылуы, тірек-қимыл аппараты мен интеллекттің бұзылуы, интеллект пен есту қабілетінің бұзылуы, әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылуы (аутизм) және интеллекттің бұзылуы және т.б. Көмек көлемі - максималды: үш маманның көмегі (логопед, психолог және ЕДШ нұсқаушысы немесе дефектолог, логопед және психолог); көмек ұзақтығы жылына 180 күннен 270 күнге дейін	44	177120 теңге (1 айға – 24 сабақ) 1 594 080 теңге (цикл үшін - 216 сабақтар) 70 139 520 теңге (жалпы сомасы)	Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік тапсырыс стандартының есебі (сағатына 1 балаға дефектологтың қызметі) 7 380 теңге 3 маманның көмегі қажет
	БАРЛЫҒЫ	300	196 780 320 теңге	